

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
BILIM JÁNE ĞYLYM MINISTRIGI
«ĞYLYM ORDASY» RMK ORTALYQ ĞYLYMI
KITAPHANASY

Qazaqstan ǵalymdarynyń biobibliografıasy

QASENOV
QAINOLLA ZEINOLLAULY

Almaty, 2019

ÁOJ 01
KBJ 91.9:65
Q 43

Bas redaktor

Satýbaldın S.S.

QR Ulıtyq Ğylym akadeıiamıasynyń akademigi
Ekonomika ğylymdarynyń doktory, professor

Aýdarmashylar

Vdovýhina T.V., Kostina D.M.

ISBN 978-601-7815-48-6

ÁOJ 01
KBJ 91.9:65

Q 43 Qasenov Qainolla Zeinollauly: Biobibliografıalyq kórsetkish / qurast.: K.N. Baltabaeva, K.M. Qonyrbaeva, S.S. Qorabai; bibliogr. red.: A.K. Begimbaeva, A.J. Saqanova. – Almaty: «Ğylym ordasy» RMK Ortalyq ğylymı kitaphanasy, 2019. – 84 b.: sýret. [«Qazaqstan ğalymdarynyń biobibliografıasy» atty serıia].

ISBN 978-601-7815-48-6

© Baltabaeva K.N.,
Qonyrbaeva K.M.,
Qorabai S.S.,
qurastyrýshylar, 2019

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
ЦЕНТРАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА
РГП «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ»

Биобиблиография ученых Казахстана

КАСЕНОВ
КАЙНУЛЛА ЗЕЙНУЛЬЕВИЧ

Алматы, 2019

УДК 01
ББК 91.9:65
К 43

Главный редактор

Сатубалдин С.С.

Академик Национальной академии наук РК

Доктор экономических наук, профессор

Перевод

Вдовухина Т.В., Костина Д.М.

ISBN 978-601-7815-48-6

УДК 01
ББК 91.9:65

К 43 Касенов Кайнулла Зейнульевич: Биобиблиографический указатель / сост.: К.Н. Балтабаева, К.М. Коньрбаева, С.С. Корабай; библиогр. ред.: А.К. Бегимбаева, А.Ж. Саканова. – Алматы: Центральная научная библиотека РГП «Ғылым ордасы», 2019. – 84 с.: портр. [Серия «Биобиблиография ученых Казахстана»].

ISBN 978-601-7815-48-6

© Балтабаева К.Н.,
Коньрбаева К.М.,
Корабай С.С.,
составители, 2019

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
«GYLYM ORDASY» RSE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY

Biobibliography of scientists of Kazakhstan

KASSENOV
KAINULLA ZEINULYEVICH

Almaty, 2019

UDK 01
BBC 91.9:65
K 43

Editor-in-chief

Satubaldin S.S.

Academician of the RK National Academy of Sciences
Doctor of Economics, Professor

Translated by

Vdovukhina T.V., Kostina D.M.

ISBN 978-601-7815-48-6

UDK 01
BBC 91.9.: 65

K 43 Kassenov Kainulla Zeynulyevich: Biobibliographical index / compiled by K.N. Baltabayeva, K.M. Konyrbayeva, S.S. Korabay; bibliogr. editors: A.K. Begimbayeva, A.Zh. Sakanova. – Almaty: «Gylym ordasy» RSE, Central Scientific Library, 2019. – 84 s.: photo. [«Biobibliography of scientists of Kazakhstan» series].

ISBN 978-601-7815-48-6

© Baltabayeva K.N.,
Konyrbayeva K.M.,
Korabay S.S.,
compilers, 2019

ОQYRMANDARҒА

«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясынан ұсынылған көрсеткіш ғалым-экономист, танымал мұнайшы, Қазақстанның мұнай және газ саласындағы жетекші өндірістік ұйымдардың топ-менеджері, белгілі қоғам қайраткері және меценат Қайнолла Зейноллаұлы Қасеновке арналған.

Биобиблиография К.З. Қасеновтың өмірі мен қызметін сипаттайтын материалдарды, оның жарияланымдары мен ол туралы әдебиеттерді қамтиды.

Еңбектерінің хронологиялық көрсеткішінде материал жылдар бойынша, әр жылдың көлемінде – әліпби бойынша орналасқан: алдымен қазақ тілінде, одан кейін орыс тілінде.

Еңбектерінің әліпбилік көрсеткішінде және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштерінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштердегі еңбектердің реттік саны бойынша берілген.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель из серии «Биобиблиография ученых Казахстана» посвящен ученому-экономисту, известному нефтянику, топ-менеджеру ведущих производственных организаций в области нефти и газа Казахстана, известному общественному деятелю и меценату Кайнулле Зейнульевичу Касенову.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность К.З. Касенова, перечень его публикаций и литературу о нем.

В хронологическом указателе трудов материал расположен по годам, в пределах каждого года – по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

TO THE READERS

The proposed index from the «Biobibliography of scientists of Kazakhstan» series is dedicated to the scientist-economist, well-known oil industry worker, top manager of the leading industrial oil and gas organizations of Kazakhstan, well-known public figure and philanthropist Kainulla Zeinulyevich Kassenov.

Biobibliography includes materials characterizing the life and work of K.Z. Kassenov, a list of his publications and literature on him.

In the chronological index of works the material is arranged by years, within each year – in alphabetical order: first there are works published in the Kazakh language, then in Russian.

In alphabetical index of works and name index of co-authors the references are given to the ordinal numbers of the works placed in the chronological index.

EKONOMIKA GYLYMDARYNYŇ KANDIDATY QAINOLLA ZEINOLLAULY QASENOVTYŇ ÓMIRI MEN QYZMETINIŇ NEGIZGI KEZEŇDERI

Қайнолла Зейноллаұлы Қасенов 1958 жылы 30 тамызда РКФСР (қазіргі Ресей Федерациясының) Түмен облысының Казан ауданындағы Копотилов селосының қызметкер отбасында дүниеге келген.

Bilimi

1965 – 1975. Түмен облысы Сладковск ауданының Степновск орта мектебінде оқыды.

1976, қыркүйек – 1977, желтоқсан. Ауыл шаруашылық институтында оқыды. Түмен қ.

1978, тамыз. Ленин комсомолы атындағы Түмен индустриалдық институтының мұнайгазкәсіпшілік факультетіне оқуға түсті. Түмен қ.

1983, шілде. Түмен индустриалдық институтын «Тау инженері», «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша тәмамдады.

Eńbek qyzmeti

1976, қаңтар – сәуір. Октябрь революциясы атындағы көлік машинасын жөндеу зауытында темір кесуші. Омск қ.

1976, мамыр – қыркүйек. Түмен облысы Сладковск ауданының «Степной» совхозында малшы.

1978, қаңтар – маусым. «Керамзитті қиыршық тас» зауытында үшінші разрядтағы оператор. Түмен қ.

1983, қыркүйек – 1985. Төртінші разрядтағы бұрғылаушының көмекшісі; көлбеу бағыттағы бұрғылаудың алтыншы разрядтағы бұрғылаушы-операторы; «Ноябрьскмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің №1 Суторминск бұрғылау жұмыстары басқармасының орталық инженерлік-технологиялық қызметінің аға инженер-технологы. Ямал-Ненецк округі, Ноябрьск қ.

1985, 2 қаңтар – 1991, маусым. «Ноябрьскмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің №1 Суторминск бұрғылау жұмыстары басқармасының бұрғылау шебері. Ямал-Ненецк округі, Ноябрьск қ.

1992, қаңтар – 1993 қараша. «Ноябрьскмұнайгаз» (кейінгі атауы «СибНефть» АҚ) өндірістік бірлестігінің терең барлама бұрғылау экспедицияның бас инженері. Ямал-Ненецк округі, Ноябрьск қ.

1993. Қазақстан Республикасына қоныс аударды.

1993, 12 қараша – 1996, қаңтар. «ҚазақГаз» Ұлттық мемлекеттік холдингтік компаниясының вице-президенті. Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.

1994, 1 сәуір. «ҚазБұрГаз» (КазБурГаз) Акционерлік қоғамының Бас директоры.

1994, желтоқсан – 1995, желтоқсан. Қарашығанақ мұнай-газ конденсат кен орны – мемлекеттік «Қарашығанақ газ өнеркәсібі» мекемесі бас басқармасының Бас директоры және «ҚазақГаз» мемлекеттік холдингтік компаниясының вице-президент міндетін атқарушы. Батыс-Қазақстан облысы, Ақсай қ.

1995, 28 наурыз. «BritishGas» – «Agip» – «Газпром» Ресей Акционерлік қоғамы және «ҚазақГаз» Мемлекеттік холдингтік компаниясы операторларының бірлескен компаниясының бірінші төрағасы және басқарушы директоры. Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қ.

1995. Мұнай және газ өнеркәсібінің жұмысшылары күні Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты берілді.

1995, шілде. Италия мен Англияға қызметтік іс-сапармен барып қайтты.

1996, 10 қаңтар – 1997, сәуір. Батыс Қазақстан облысы Бөрілі ауданында әкімі. Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қ.

1997, 17 сәуір – 1997, шілде. «Қазақ мұнай құбыры» ұлттық мұнай компаниясы» жабық акционерлік қоғамының бірінші президенті. Алматы қ.

1997, шілде – 2001. «Қазақстан – Орталық отын компаниясы» жабық акционерлік қоғамының Бас директоры. Алматы қ.

1999, 26 қараша. 08.00.05 – Экономика және халық шаруашылығын басқару мамандығы бойынша экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін «Өнеркәсіптік өндірістің тұрақтану және даму жолдары» (Қазақстан Республикасы материалдары желісінде) тақырыбында диссертация қорғады. Қарағанды қ.

2002 – 2011. «ТұлпарМұнайСервис» ЖШС бірінші вице-президенті, атқарушы директоры. Маңғыстау облысы, Ақтау қ.

2012. «ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» Акционерлік қоғамы «Технологиялық көлік басқармасы және ұңғымаларға қызмет көрсету» ЖШС директорының кеңесшісі. Маңғыстау облысы, Ақтау қ.

2013, 11 наурыз – 2017. «Карповский Северный» ЖШС және «ҚазМұнайГаз». Барлау. Өндіру» АҚ Бас директоры. Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.

2018. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өкілетті орган «PSA» ЖШС Жобалау тобының жетекшісі. Батыс Қазақстан облысы Орал қ.

Qoғamdyq qyzmeti

1980 – 1981. Ленин комсомолы атындағы Түмен индустриалдық институты (1100-ден астам студент) мұнайгазкәсіпшілігі факультетінің комсомол ұйымының хатшысы.

1982, 20-22 қазан. КСРО мұнай және газ саласындағы жұмысшылардың Ғылыми-техникалық қоғамының VIII съезд делегаты, бүкіл Кеңес Одағынан жалғыз студент. Баку қ., Әзірбайжан КСР.

1987. КОКП мүшесі.

1990. № 1 Суторминск бұрғылау жұмыстары басқармасы және БЛКЖО (ВЛКСМ) қалалық комитеті пленумының еңбек ұжымы конференциясы арқылы Түмен облыстық халық депутаттары кеңесінің халық депутаттығына үміткерлікке балама негізде (5 адам) ұсынылды.

1990, 4 наурыз – 1993. № 278 округ бойынша Түмен облыстық халық депутаттары кеңесінің халық депутаты.

1992, 28 қыркүйек – 4 қазан. I Дүниежүзі Қазақтарының құрылтайына делегат болып қатысып, сөз сөйледі. Алматы қ.

1993. Түмен облысындағы алғашқы «Достық» қазақ қоғамын құрушы.

2005, 28-30 қыркүйек. III Дүниежүзі Қазақтарының құрылтайына делегат болып қатысып, сөз сөйледі. Астана қ. (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.).

2016 – қазіргі уақытқа дейін. Халифа Алтай Халықаралық қайырымдылық қорының басқарма мүшесі.

2017, 22-25 маусым. V Дүниежүзі Қазақтарының құрылтайына делегат болып қатысып, сөз сөйледі. Астана қ. (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.).

Marapattary

1987, 7 қараша. КОКП Орталық комитетінің, КСРО Министрлер кеңесінің, БКООК және ОК ВЛКСМ Құрмет грамотасы.

1989, 19 желтоқсан. Қ.З. Қасенов басқарған бригаданың 80 000 метрлік ұңғыманың жылдық рекордын жасаған жетістігі үшін «Ноябрьскнефтегаз» өндірістік бірлестігінің №1 Суторминск бұрғылау жұмыстары басқармасының Алғыс хаты.

1989. КСРО Мұнай және газ министрлігі бойынша «Ең үздік бұрғылау бригадасы» атағы және жалауша.

1990, 20 қыркүйек. Ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны үшін КСРО Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің және Мұнай және газ өнеркәсібі жұмысшылар кәсіподағының ОК Құрмет грамотасы.

1999. Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы мен қалыптасуындағы елеулі үлесі үшін «Қазақстан мұнайына 100 жыл» ескерткіш белгісі.

2010, 28 қыркүйек. Батыс Қазақстан облысы Бөрілі ауданының Құрметті азаматы.

2013, желтоқсан. «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің медалі.

2014, 5 желтоқсан. Еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Құрмет» ордені.

2016, 1 сәуір. Қазақстан Республикасын инвестициялар және даму министрлігінің «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісі.

2018, 10 тамыз. Батыс Сібір мұнай-газ кешенін дамыту және игерудегі елеулі үлесі үшін Түмен облыстық думасы төрағасының алғысы.

2018, 24 тамыз. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі.

2018. Ауған соғысы ардагерлері қауымдастығының «Қазақстан ардагерлері» медалі.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАНДИДАТА ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК К.З. КАСЕНОВА

Кайнулла Зейнульевич Касенов родился 30 августа 1958 г. в деревне Копотилово Казанского района Тюменской области РСФСР (ныне – Российской Федерации), в семье рабочего.

Образование

1965 – 1975. Учеба в Степновской средней школе Сладковского района Тюменской области.

1976, сентябрь – 1977, декабрь. Учеба в Сельскохозяйственном институте, г. Тюмень.

1978, август. Поступил на нефтегазопромысловый факультет Тюменского индустриального института им. Ленинского комсомола, г. Тюмень.

1983, июль. Окончил Тюменский индустриальный институт по специальности «Бурение нефтяных и газовых скважин» с присвоением квалификации «Горный инженер».

Трудовая деятельность

1976, январь – апрель. зуборезчик на заводе транспортного машиностроения им. Октябрьской революции, г. Омск.

1976, май – сентябрь. Скотник совхоза «Степной» Сладковского района Тюменской области.

1978, январь – июнь. Оператор третьего разряда завода «Карамзитовый гравий», г. Тюмень.

1983, сентябрь – 1985. Помощник бурильщика четвертого разряда; бурильщик-оператор шестого разряда наклонно-направленного бурения; старший инженер-технолог центральной инженерно-технологической службы Суторминского управления буровых работ № 1 производственного объединения «Ноябрьскнефтегаз», г. Ноябрьск, Ямало-Ненецкий округ.

1985, 2 января – 1991, июнь. Буровой мастер Суторминского управления буровых работ № 1 производственного объединения «Ноябрьскнефтегаз». г. Ноябрьск, Ямало-Ненецкий округ.

1992, январь – 1993, ноябрь. Главный инженер экспедиции глубокого разведочного бурения производственного объединения «Ноябрьскнефтегаз» (позднее преобразованное в АО «Сиб-Нефть»), г. Ноябрьск, Ямало-Ненецкий округ.

1993. Переезд в Республику Казахстан.

1993, 12 ноября – 1996, январь. Вице-президент национальной государственной холдинговой компании «КазахГаз», г. Уральск, Западно-Казахстанская область.

1994, 1 апреля. Генеральный директор Акционерного общества «КазБурГаз» (одновременно).

1994, декабрь – 1995, декабрь. Генеральный директор Главного Управления Карачаганакского нефтегазоконденсатного месторождения – государственного учреждения «Карачаганакгазпром», с исполнением обязанностей вице-президента государственной холдинговой компании «КазахГаз» одновременно, г. Аксай, Западно-Казахстанская область.

1995, 28 марта. Утвержден первым председателем и управляющим директором Совместной Компании Оператора от: «BritishGas» – «Agip» – Российского Акционерного общества «Газпром» и государственной холдинговой компании «КазахГаз», г. Аксай, Западно-Казахстанская область.

1995. Паспорт гражданина Республики Казахстан вручен на День работников нефтяной и газовой промышленности.

1995, июль. Служебная командировка в Италию и Англию.

1996, 10 января – 1997, апрель. Аким Бурлинского района Западно-Казахстанской области, г. Аксай, Западно-Казахстанская область.

1997, 17 апреля – 1997, июль. Первый президент Закрытого акционерного общества «Национальная нефтепроводная компания «Казахнефтепровод», г. Алматы.

1997, июль – 2001. Генеральный директор Закрытого акционерного общества «Центральная топливная компания – Казахстан», г. Алматы.

1999, 26 ноября. Защита кандидатской диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук на тему «Пути стабилизации и развития промышленного производства (на материалах Республики Казахстан) по специальности 08.00.05 – Экономика и управление народным хозяйством, г. Караганда.

2002 – 2011. Первый вице-президент, Исполнительный директор ТОО «ТулпарМунайСервис», г. Актау, Мангистауская область.

2012. Советник директора ТОО «Управление технологического транспорта и обслуживания скважин» Акционерного общества «Разведка. Добыча «КазМунайГаз», г. Актау, Мангистауская область.

2013, 11 марта – 2017. Генеральный директор ТОО «Карповский Северный» и Акционерного общества «Разведка. Добыча «КазМунайГаз», г. Уральск, Западно-Казахстанская область.

2018. Руководитель проектной группы ТОО «PSA» полномочного органа – Министерства энергетики Республики Казахстан, г. Уральск, Западно-Казахстанская область.

Общественная деятельность

1980 – 1981. Секретарь комсомольской организации нефтегазопромышленного факультета (более 1100 студентов) Тюменского индустриального института им. Ленинского комсомола.

1982, 20-22 октября. Единственный студент со всего Советского Союза – делегат VIII съезда научно-технического общества (НТО) работников нефтяной и газовой отрасли СССР, г. Баку. Азербайджанская ССР.

1987. Член КПСС.

1990. Выдвинут на альтернативной основе (5 чел.) кандидатом в народные депутаты Тюменского областного совета народных депутатов конференцией трудового коллектива Суторминского управления буровых работ № 1 и пленумом городского комитета ВЛКСМ.

1990, 4 марта – 1993. Народный депутат Тюменского областного Совета народных депутатов по 278 округу.

1992, 28 сентября – 4 октября. Делегат и выступающий I Всемирного Курултая казахов, г. Алма-Ата.

1993. У истоков первого казахского общества «Достык» в Тюменской области.

2005, 28-30 сентября. Делегат и выступающий III Всемирного Курултая казахов, г. Астана. (ныне – г. Нур-Султан).

2016 – по настоящее время. Член правления Международного благотворительного фонда Халифы Алтая.

2017, 22-25 июня. Делегат и выступающий V Всемирного Курултая казахов, г. Астана. (ныне – г. Нур-Султан).

Награды

1987, 7 ноября. Почетная грамота Центрального Комитета КПСС, Совета Министров СССР, ВЦСПС и ЦК ВЛКСМ.

1989, 19 декабря. Благодарственное письмо Суторминского управления буровых работ № 1 производственного объединения «Ноябрьскнефтегаз» за достижение бригадой рекордной годовой проходки – 80 000 метров.

1989. Вымпел и звание «Лучшая буровая бригада» по Министерству нефтяной и газовой отрасли СССР.

1990, 20 сентября. Почетная грамота Министерства нефтяной и газовой промышленности СССР и ЦК профсоюза рабочих нефтяной и газовой промышленности за досрочное выполнение пятилетнего плана по бурению скважин.

1999. Памятный знак «100 лет казахстанской нефти» за значительный вклад в развитие и становление нефтегазовой отрасли Казахстана.

2010, 28 сентября Почетный гражданин Бурлинского района Западно-Казахстанской области.

2013, декабрь. Медаль Министерства нефти и газа Республики Казахстан «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» («За вклад в развитие нефтегазового комплекса»).

2014, 5 декабря. Орден «Кұрмет» за значительный вклад в развитие нефтегазовой отрасли страны.

2016, 1 апреля. Нагрудный знак Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының құрметті барлаушысы» («Почетный разведчик недр Республики Казахстан»).

2018, 10 августа. Благодарность председателя Тюменской областной думы за значительный вклад в освоение и развитие нефтегазового комплекса Западной Сибири.

2018, 24 августа. Нагрудный знак Министерства энергетики Республики Казахстан «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» («Заслуженный работник нефтяной и газовой отрасли»).

2018. Медаль «Ветераны Казахстана» Ассоциации ветеранов войны в Афганистане.

THE KEY DATES OF LIFE AND ACTIVITIES OF THE CANDIDATE OF ECONOMICS K.Z. KASSENOV

Kainulla Zeinulyevich Kassenov was born on August 30, 1958, in Kopotilovo village, Kazan region, Tumen oblast, RSFSR (now – RF), in the family of a worker.

Education

1965 – 1975. Studies at the Stepnovsk secondary school, Sladkovsk region, Tumen oblast.

1976, October – 1977, December. Studies at the Agricultural Institute, Tumen city.

1978, August. Entered the oil and gas faculty of the Lenin Komsomol Tumen Industrial Institute, Tumen city.

1983, July. Graduated from the Tumen Industrial Institute having a specialty of «oil-gas-well drilling» and qualified as «mining engineer».

Professional activity

1976, January – April. Gear cutter at the October Revolution Transport Engineering plant, Omsk city.

1976, May – September. Cattleman of the «Steppe» farm, Sladkovsk region, Tumen oblast.

1978, January – June. Operator of the third category of the «Karamzit gravel» plant, Tumen city.

1983, September – 1985. Assistant driller of the fourth category, driller-operator of the sixth category of inclined-directional drilling, senior process engineer of the central engineering and technological service of the Sutorminsk Drilling Operations Department No 1 of the «Noyabrskneftegaz» production association, Noyabrsk town, Yamalo-Nenets okrug.

1985, January 2 – 1991, June. Drilling master of the Sutorminsk management of drilling operations No 1, «Noyabrskneftegaz» production association, Noyabrsk town, Yamalo-Nenets okrug.

1992, January – 1993, November. Chief engineer of the deep exploration drilling expedition of the «Noyabrskneftegaz» production

association (later transformed into «SibNeft» JSC, Noyabrsk town, Yamalo-Nenets okrug.

1993. Moving to the Republic of Kazakhstan.

1993, November 12 – 1996, January. Vice-President of the «KazakhGaz» National State Holding Company, Uralsk city, the Western- Kazakhstan oblast.

1994, April 1. General Director of the «KazBurGaz» Joint-Stock Company simultaneously.

1994, December – 1995, December. General Director of the Chief Office of the Karachaganak oil and gas condensate field – the «Karachaganakgazprom» state institution, acting as the Vice-President of the «KazakhGaz» State Holding Company simultaneously, Aksay town, the Western-Kazakhstan oblast.

1995, March 28. The first Chairman and Managing Director of the Joint Operator Company from: «BritishGas» – «Agip» of the «Gazprom» Russian Joint Stock Company and the «KazakhGaz» State Holding Company, Aksay town, the Western-Kazakhstan oblast.

1995. The passport of the Republic of Kazakhstan citizen was presented on the Day of oil and gas industry workers.

1995, July. Business trip to Italy and England.

1996, January 10 – 1997, April. Akim of the Burlinsky region, the Western-Kazakhstan oblast.

1997, April 17 – 1997, July. The first President of the «National Oil Pipeline Company Kazakhnefteprovod» Closed Joint Stock Company, Almaty city.

1997 July – 2001. General Director of the «Central Fuel Company – Kazakhstan» CJS. Almaty city.

1999, November 26. Defended the thesis for the candidate of economic sciences degree on the topic «Ways of stabilization and development of industrial production (on the materials of the Republic of Kazakhstan)» in the specialty 08.00.05 – Economics and Management of National Economy. Karaganda city.

2002–2011. The First Vice-President, Executive Director of the «TulparMunayService» LLP. Aktau city, the Mangystau oblast.

2012. Advisor of the director of «Management of the technological transport and well service» LLP of «Exploration. Mining «KazMunayGas» JSC. Aktau city, the Mangystau oblast.

2013, March 11 – 2017. General Director of the «Karpovsk Severny» LLP and «Exploration. Mining «KazMunayGas» JSC, Uralsk city, the Western-Kazakhstan oblast.

2018. Head of the project group of «PSA» LLP of the authorized body – the Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan, Uralsk city, the Western-Kazakhstan oblast.

Public activity

1980 – 1981. Secretary of the Komsomol organization of the oil and gas field faculty (more than 1,100 students) of the Lenin Komsomol Tumen Industrial Institute.

1982, October 20-22. The only student-delegate from all over the Soviet Union of VIII Congress of the Scientific and Technical Society (NTO) of the USSR oil and gas industry workers, Baku city, Azerbaijan SSR.

1987. Member of CPSU.

1990. On the alternative basis (5 people) nominated as a candidate for people's deputies of the Tumen Regional Council of People's Deputies by the conference of the labor collective of the Sutorminsk Drilling Operations Administration No 1 and the plenary session of the All-Union LYCL City Committee.

1990, March 4 – 1993. People's Deputy of the Tumen Regional Council of People's Deputies in the 278th district.

1992, September 28 – October 4. Delegate and speaker at I World Kurultay of the Kazakhs, Almaty city.

1993. Was at the origins of the «Dostyk» first Kazakh society in the Tumen oblast.

2005, September 28-30. Delegate and speaker at III World Kurultay of the Kazakhs, Astana city (now – Nur-Sultan city).

2016 – till present time. Member of the administration board of the World Charitable Fund of Halifa Altay.

2017, June 22-25. Delegate and speaker at V World Kurultai of the Kazakhs, Astana city (now – Nur-Sultan city).

Awards

1987, November 7. Diploma of the Central Committee of CPSU, the Council of Ministers of the USSR, the All-Union Central Council of Trade Unions and the Central Committee of Komsomol.

1989. Pennant and title of the «Best drilling brigade» of the USSR Oil and Gas Ministry.

1989, December 19. Letter of thanks of the Sutorminsk Drilling Operations Directorate No 1 of the «Noyabrskneftegaz» Production Association for the team attaining a record annual penetration of 80,000 meters.

1990, September 20. Diploma of the USSR Oil and Gas Production Ministry and the Central Committee of the Trade Union workers of oil and gas production for fulfillment of the five-year plan ahead of time.

1999. Memorable sign of «100 years of Kazakh oil» for a significant contribution to the development and formation of the oil and gas industry in Kazakhstan.

2010, September 28. Honorary Citizen of Burlinsk region, the Western-Kazakhstan oblast.

2013, December. Medal of the Ministry of Oil and Gas of the Republic of Kazakhstan «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» («For the contribution to the development of oil and gas complex»).

2014, 5 December. «Құрмет» («Honor») Order for a significant contribution to the development of the oil and gas industry in the country.

2016, April 1. «Honorary prospector of the entrails of the Republic of Kazakhstan» breastplate of the Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan.

2018, August 10. Gratitude from the Chairman of the Tumen Oblast Duma for a significant contribution to the prospection and development of the oil and gas complex in Western Siberia.

2018, August 24. «Honored worker of oil and gas industry» breastplate of the Ministry of Power Engineering of the Republic of Kazakhstan.

2018. «Veterans of Kazakhstan» medal of the War Veterans' Association of Afghanistan.

EKONOMIKA ĞYLYMDARYNYŇ KANDIDATY
Q.Z. QASENOVTYŇ EŇBEK JOLY MEN QOĖAMDYQ
QYZMETI TÝRALY QYSQASHA OCHERKI

Қайнолла Зейноллаұлы Қасенов 1958 жылы 30 тамызда Ресей Федерациясындағы Түмен облысының Казан ауданындағы Копотилов деревнясында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1975 жылы осы облыстың Сладковский ауданындағы Степновский мектебін бітірген.

Қайнолла еңбек жолын Омбы қаласында Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы көлік машиналарын жасау зауытында темір кесуші, одан кейін Түмен облысының Сладковский ауданындағы «Степной» совхозында бақташы болудан бастайды. 1976-1977 жылдары Ауылшаруашылығы институтында оқиды, одан кейін оқуын үзіп, Түмендегі «Карамзитті қиыршықтас» зауытында оператор болып жұмыс істейді.

1978 жылы тамызда Түмен индустриалды институтының мұнай-газ кәсіпшілігі факультетіне оқуға түседі. Сол жылдары мұнайшы мен газшы мамандығы жаңа нарықтық жағдайлардағыдай соншалықты беделді емес болатын. Қайнолла институт қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Оқу тобының басшысы және сол кездері 1100 студент оқитын факультеттің комсомол комитетінің хатшысы болды. Кеңестік кезеңде мұндай комсомол ұйымы өздеріне арнайы босатылған хатшы сайлайтын және оған 140 сом көлемінде еңбекақы төленетін. Ал Қайноллаға тек 50 пайыз ғана төленді. Қайнолла 1982 жылы қазанда өткен алып елдің мұнай және газ саласының ғылыми-техникалық қоғамының VIII съезі жұмысына Кеңестер Одағы бойынша қатысқан жалғыз студент болды.

1983 жылы Қайнолла институтты табысты аяқтағаннан кейін Ямал-Ненецк округіндегі №1 «Ноябрскнефтегаз» Бүкілодақтық өндірістік бірлестігінің Суторминск бұрғылау жұмыстар басқармасында алдымен 4-ші разрядты бұрғылаушының көмекшісі, көлбеу-бағыттағы бұрғылаудың 6-шы разрядты бұрғылаушы-операторы, аға технолог, бұрғылау шебері болып жұмыс істеп, көлбеу-бағыттағы ұңғымаларды бұрғылауда

өте жоғары көрсеткіштерге жетті. 1989 жыл қорытындысы бойынша Қ.З.Қасеновтың бригадасы КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі бойынша ең үздік деп танылды.

Қ.З. Қасеновтың отбасылық мұрағатында КОКП ОК, ККБООК, КСРО Министрлер Кеңесінің және БЛКЖО ОК Құрмет грамоталары, күрделі геологиялық-климат жағдайында ол басқарған бригаданың Суторминск кен орындарында (Ямало-Ненецк округі) ұңғымалардың 2750-3000 метрлік орташа тереңдігі жағдайында 80000 метр көлеміндегі жылдық рекордтық ұңғылауға қол жеткізгені үшін Суторминск бұрғылау жұмыстары басқармасының 1989 жылдың 19 желтоқсанында берген Алғыс хаты, ұңғымаларды бұрғылау бойынша бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны үшін КСРО Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Мұнай және газ өнеркәсібі Кәсіподақтары Комитетінің 1990 жылдың 20 қыркүйегіндегі Құрмет грамотасы және басқа да көптеген марапаттар көздің қарашығындай сақтаулы.

Сол қайта құру жылдары, 1990 жылы наурызда Қайнолла Зейноллаұлы бес үміткердің ішінен халық депутаттары Түмен облыстық кеңесіне депутаты болып баламалы түрде сайланады.

1991 жылдың маусымы мен 1992 жылдың қаңтары аралығында Қ.З. Қасенов Түмен облысы Ноябрьск қалалық атқару комитетінде жастар ісі бойынша бөлім бастығы болып қызмет атқарды. Одан кейін «Ноябрьскнефтегаз» ӨБ (кейін «СибНефть» болып құрылған) терең барлау мақсатындағы бұрғылау экспедициясына аға инженер болып өндіріске қайта оралады.

1992 қыркүйекте Түмен облысының басшылары Қ.З. Қасеновты Алматы қаласында өткен І Дүниежүзі қазақтары Құрылтайына делегат етіп жіберді. Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алдында сөз сөйлеп тұрған кезінде делегаттар: «Сен мұнайшы, әрі басшы екенсің. Отаныңа оралар ма едің?» – деген сауалдармен оның сөзін бөлген еді. «Осы биік мінбеден әлем қазақтары алдында мен не деп жауап берген болар едім. Әрине «иә» деп жауап берем және бұлай «иә» деуім менің бабаларымның, атамның, әкемнің арманы болатын. Мінбеден залдағы өз орныма жеткенше мен өз-өзім емес едім, бәрі менің жауабыммен шешіліп қойылған еді», – деп еске алады Қайнолла Зейноллаұлы.

Жоғары кәсіби маман болып қалыптасқан жас жігіт Ресейде беделді аға инженер лауазымын, кең де жайлы пәтерін, солтүстікте жұмыс жасағаны үшін берілетін үстеме ақыны және басқа да барлық қосымшаларды қосқандағы қомақты жалақысын, қоғамда танылған үлкен беделін, таза еңбегінің арқасында ие болған көптеген жеңілдіктерін қалдырады. Оған зейнеткерлікке жеңілдікпен шығуға небәрі екі жарым жыл ғана қалған болатын.

Қ.З. Қасенов Қазақстанда жаңа орында адал ниетпен және нық сеніммен құлшына жұмысқа кіріседі. 1993 жылы 12 қарашада ол еңбек жолын Батыс Қазақстан облысында ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысымен он алты мемлекеттік кәсіпорынның құрамындағы 1993 жылы 9 қыркүйекте ашылған жаңа «Қазақгаз» ұлттық холдинг компаниясында вице-президент лауазымында бастады. Сарапшылардың пікірінше, өз уақытында ашылған бұл ұлттық газ құрылымы күрделі қайта құрулар кезеңінде халықтың және кәсіпорындардың жаппай төлем қабілетсіздігі артып отырған жағдайда, халық тығыз орналасқан аймақтары мен жалпы елімізді энергиямен жабдықтауды тұрақты қамтамасыз етуге зор үлес қосты.

1994 жылдан бастап Қ.З. Қасенов «ҚазақГаз» МХК-ның вице-президенті және сонымен бір мезгілде «ҚазБурГаз» АҚ-ның Бас директоры, одан кейін ҚМГКО ББ (Қарашығанақ мұнайгаз-конденсат кенорны Бас Басқармасында) – «Қарашығанақгаз-өнімдері» мемлекеттік мекемесінде Бас директор болды.

Батыс Сібірді есептемегенде одақтық МинГазПром жүйесінде өзінің зор көлемі мен қоры жағынан Архангельск, Орынбор және Қарашығанақ кен орындары ерекше көзге түсетін. Соңғысы 1979 жылы ашылған болатын. Мамандардың бағалауынша бұл «үш қабатты» ғажайып кен орны. Үстінде газ келіп тұр, одан кейін конденсат, ал астында мұнай бар. Әрі олардың барлығы 550 атмосфералық артық қысым астында жатыр және өте тереңнен атқылау әдісімен өндіріледі. Бұлардың барлығы апатты жағдайларда үлкен қиындықтар тударады.

Одақтың ыдырауы Қарашығанақ кен орнының дамуына және жалпы барлық мұнайгаз өндірісіне кері әсерін тигізді, қаржы болмады, шикізатты Орынбор ГӨЗ жіберуге мәжбүр болды, алайда қаржылық өзара есеп айырысу уақтылы болмағандықтан

Қарашығанақ пен Ақсай бұрғылау жұмыстары басқармаларынан білікті мамандардың кетуі басталды. 1991 жылы 21 маусымда Қарашығанақ кен орнындағы бұрғылау барысында № 321 ұңғымада болған жоғары деңгейдегі апат салдары толықтай жойылмады. Отты құйын 92 күн өршеленді. Шығып жатқан күкіртті сутек жанды заттардың барлығын улап, өрт шапағы тіптен Оралға көрініп тұрды. Жер астынан шыққан отты апат адамға бағынбады. Тасқынды газ жанып, ауаға жайылды. Ауыл адамдары мен өндіріс мамандарының жарылыстың алғашқы сәттеріндегі ауыр күйі мен үрейін айтып жеткіліксіз. Апатты жоюға сол кездері В.С. Черномырдиннің басшылығындағы одақтық ГазПромның барлық күші жұмылдырылды, бірақ елде төңкеріс болып, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет билікті алуға ұмтылды, осылайша Одақтық мемлекеттің ыдырауы басталып кетті. Басқа республикалардан осы күрделі апаттың зардаптарын жоюға келгендер елдеріне қайтты. Тіптен сол кездері Қарашығанақтың «ОренбургГазПромға» қарайтынын елеместен орынборлықтардың өзі апат орнын тастап кетті. Мұнда тек қазақстандықтар қалды.

Өшіріліп жұмысы тоқтатылған ұңғыма алып кен орны үшін де, Ресейдің Орынбор облысын қоса алғанда сол аймақ үшін де баяу жарылатын минаға айналып, болжап болмайтын қиындықтарға душар етері сөзсіз еді.

Сондықтан да бұған қарап тұруға болмайтын. Қайнолла Қасенов осы апаттың салдарын жоюға келген сегіз компанияның («British Gas», «Agip», Weatherford, Ресей акционерлік қоғамы «Газпром», Schlumberger, Halliburton және т. б.) барлық жағынан үйлестіру жұмыстарын жүргізуде өте жоғары жауапкершілік пен кәсібилік танытты. Шетелдік кеңесшілер бірлескен жұмыс барысында Қазақстанда күрделі міндеттерді шешуге қабілетті жоғары кәсіби мамандардың бар екендігіне көздері жетті. Өйткені жұмыс барысында ерекше соны зерттемелерді шетелдіктер емес, өзіміздің елдің мамандары ұсынып, жүзеге асырды. Төрт ай ішінде одақтық деңгейдегі төтенше оқиғаны – осындай дүлей апатты ауыздықтау мүмкін болды және № 321 ұңғыма техникалық жағынан тоқтатылды. Бұл істе ең басты жауапкершілік біздің мамандарға артылды. Инженерлер ұңғыманы бітеуге қол жеткізіп,

газконденсаттың атылуындағы қауіптілікті жойды, толықтай бұрғылау сағасының жабдығы орнатылды. 1994 жылдың 26 қазанында №321 ұңғымаға жұмыс коллонасы түсіріліп, осылайша апатты жою жұмыстары аяқталды.

Қарашығанақ – зияткерлік және коммерциялық мақсатта қолдануға лайықты қазына. 1995 жылы 3 наурызда Алматы қаласында Қарашығанақта бірлесіп жұмыс жасау үшін Қазақстан Республикасы мен «British Gas» – «Agip» – «Газпром» РАҚ шетелдік фирмалар альянсы арасында аралық келісім шарт жасалды. Осы күрделі үрдісте көзден таса, көрінбейтін мыңдаған құпиялар болды. Барлық жақтан қатысушылардың қандай шиеленісті жағдайларды басынан өткергенін білсеңіз! Бұл бітімнің мәні кімнің қанша пайда табуында емес, көптен күткен келісімшарттың негізгі идеясы Қарашығанақ бойынша жобаны инвестициялау – кен орнындағы жағдайды қалпына келтіру мақсатында оны сақтау, соның ішінде қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету, ГП-2 және ГП-3 ұңғымаларында күрделі жөндеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, өндіріс процестеріне жергілікті мамандарды барынша тарту болды.

Сол кездері ҚМГКК кешенді игеру жөніндегі Бас басқармасының Бас директоры Қ.З. Қасенов үш жыл бойы дайындалған тарихи төрт жақты келісімге қол қоюға қатысты. Оның білікті пайымдауы бойынша: «Осындай келісімшартқа бірден, атүсті қол қоюға болмайды, сондықтан да, аралық кезеңнің қажеттілігі сөзсіз. Әйтеуір келісімге қол қойылды, бірінші кезекте бұл біздің «ҚазақГаз» мемлекеттік холдингтік компаниясының президенті Есет Роватұлы Әзербайтұлының зор еңбегі деп білемін. Егер ол болмағанда келісімге қол қою мәселесі толық шешім таппаған болар еді десем артық айтпаған боламын. Қарашығанақ еңбеккерлері бізге белгілі ақпаратты, бізде бар заңнамалық негіздерін, бізде бар техникалық жабыдықтармен біз қарашығанақтықтар көп жұмыс бітіргенімізді және бұдан да артық жұмыстар атқаратынымызды білулері керек», – деп Қайнолла Зейноллаұлы өзінің 1995 жылы 15 наурызда «Панорама Карачаганака» газетіне берген сұхбатында атап көрсетеді.

Келісімге қол қоюға байланысты кен орнында «Оператор» деп аталатын ОБК – операторлардың бірлескен компаниясы басшы

органы құрылды және екі тең құқықты директорлардың бірлескен келісімі бойынша шешім қабылданады. Директорлардың үстінен стратегиялық мазмұндағы мәселелерді шешу үшін мердігерлер жағынан төртеу («British Gas» – «Agip» – РАҚ «Газпром») және Қазақстан жағынан төрт адам – Біріккен Басқарма Комитеті құрылды.

1995 жылдың 28-29 наурызында Біріккен Басқарма Комитетінің (ББК) алғашқы отырысы болды. Кен орнындағы барлық жұмыстарға шұғыл түрде жетекшілік ететін басқару аппараты құрылды. Қайнолла Зейноллаұлы Қасенов «British Gas» – «Agip» – «Газпром» РАҚ-ның Операторларының Біріккен Компаниясының Басқарушы директоры және «ҚазақГаз» МХК-ның бірінші төрағасы болып бірауыздан бекітілді. Оның бас менеджерлік және басқарушы директор лауазымындағы серіктесі Аджип-Бритиш Газ альянсынан Италиядан Умберто Батталья болды. Кен орнын басқару туралы барлық шешімдерді олар бірге қабылдады. Мұндай жайт қазақстандық тәжірибеде бұған дейін болған емес. Ол кездері барлығын жаңадан бастауға тура келді. Сол кездің өзінде Қ.З. Қасенов кәсіби біліктілігі жағынан сынақтан сүрінбей өткен болатын.

1995 жылы 19 сәуірде «Панорама Карачаганака» газеті Қ.З. Қасеновтің атына «ҚазақГаз» МХК-сының басшыларының оның жеке өзін және КМГКК-ің бүкіл ұжымын көмірсутегі шикізатын өндіруде бірінші тоқсанның жоспары орындалуымен құттықтаған телеграмма жариялады.

Қ.З. Қасенов Қарашығанақ кен орнын игерудегі барлық өндірістік кешенді басқара жүріп, халықаралық компаниялардың жергілікті жағдайға бейімделуі мен мұнай мен газды бұрғылауға, өндіруге және тасымалдауға халықаралық стандарттарды енгізу жұмыстарын ұйымдастырды. Мұнда тау-кен инженері шетел инвесторлармен және халықаралық компаниялармен, солардың ішінде «Agip», «British Gas», «Shlumberger», «Halliburton», Ресейлік «Газпром» АҚ және басқаларымен жұмыс жасауда теңдесі жоқ тәжірибе жинақтады.

Бүгінгі таңда көпшілікті, соның ішінде сала ардагерлерін Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орнының (КМГКК) барлық жер үсті, технологиялық, техникалық және тұрмыстық

құрылыстар тұрғысындағы орналасуы жайы, мұнай мен конденсатты тұрақтандыратын қайта өңдеуші кешеннің халықаралық стандартқа сәйкес құрылысы, қазақстандық мұнайдың батыс нарығына шығуын қамтамасыз ететін экспорттық 635-километрлік құбыр желісін тарту жағынан әлемдегі ірі ҚМГКК-нің өңірді және жалпы Қазақстанды дамытудағы ерекше рөлі таңдандырады. Өндірістің жаңа мәдениеті мен эстетикасы, еңбекті қорғау мен экономикалық менеджмент көріне бастады. Ақсай қаласы да өзгерді. Бұл жерде сауатты маман және тәжірибелі өндіріс ұйымдастырушысы, топ-менеджер Қайнолла Қасеновтің жанкешті еңбегі мен қызметі аз емес.

1996 жылы 10 қаңтардың Батыс Қазақстан облысының әкімі Қабиболла Қабенұлы Жақыповтың шешімімен Қайнолла Зейноллаұлы Қасеновті Қазақстанның стратегиялық жағынан маңызды он ауданының бірі Бөрілі ауданына әкім етіп тағайындады.

1996-1997 жылдары мемлекеттік қызметте болған әкім Қ.З. Қасенов Қарашығанақ кен орны негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық бағдарламасын әзірлеп және оны табысты түрде жүзеге асырды. Ауданда бюджеттік мекемелердің тұрақты жұмысы қамтамасыз етіліп, еңбекақы уақытылы төленді, электр қуаты, жылу, жанар-жағармай материалдарына қарыздарды өтеу мүмкін болды. Ақсайдағы жеке үйлерге және ауылдық елді мекендерге арзан табиғи газ қосылып, қала ішіндегі автобустар қозғалысы қайта жүре бастады. Тұрмысы төмен отбасыларға, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, концлагер тұтқындарына, мүгедектерге арнайы әлеуметтік көмек ақшалай, азық-түлікпен, көмірмен, астық қалдықтарымен, көлікпен берілді, жерге жеке меншік құқығын дербестендіру және оны заңдастыру, тұрғындарды Қазақстан Республикасының жаңа құжаттарымен қамтамасыз ету жүргізілді. Әкім командасының жетістіктері туралы тізбектеп айта беруге болады. Бұдан шығатын қорытынды: Қарашығанақ мұнайы тұрғылықты халықтың игілігіне, нақты істерге жұмсалды. 2010 жылдан Қ.З. Қасенов Батыс Қазақстан облысы Бөрілі ауданының Құрметті азаматы, бұл өңірде оның есімін барлығы біледі және мақтан етеді.

1997 жылы Қ.З. Қасенов Қазақстан Республикасы Үкіметінің

шешімімен «Оңтүстікмұнайқұбыры» және Қазақстан мен Орталық Азияның магистралді мұнайқұбырын» біріктіру негізінде құрылған «Ұлттық мұнай құбыры компаниясы «Қазақ-мұнайқұбыры» ЖАҚ-ның бірінші президенті болып тағайындалды.

Ол Қазақстан Республикасындағы алғашқы мұнай құбыры компаниясын құруға, сондай-ақ еліміздің мұнай құбыры жүйесіндегі қауіпсіздікке және орталықтандырылған бір жерден басқаруды ұйымдастыру жұмыстарына белсенді атсалысты. Компанияның негізгі жұмыс бағытына Қазақстан бойынша және экспортқа мұнайды айдап тасымалдауды үйлестіру және басқару, басқа мемлекеттердің мұнайқұбыры кәсіпорындарымен мұнай тасымалдау мәселесі жөнінде ынтымақтасу, мұнай құбыры магистралы жүйесін дамытуда инвестициялар жүргізу және апатты жағдайлардың алдын алу мен жоюға жетекшілік ету жатады.

«Қазақмұнайқұбыры» (кейіннен «КазТрансОйл» деп аталды) жүйесінде барлығы 6300 километр мұнай құбыры, 3400 километр су құбыры магистралы және 977 километр мұнай өнімдері құбыры пайдаланылды. Әрі «Қазақмұнайқұбырында» тонна мұнайды мың километрге айдауға \$5,5 тарифі белгіленген, сол кездері ресейлік «Транснефть» АҚ-да бұл көрсеткіш \$7 құрады, ал алыс шетел компанияларында одан да жоғары болды.

Қ.З. Қасенов қазақстандық мұнайды экспорттау үшін маңызды құрылым болып табылатын ресейлік «Транснефть» компаниясымен жақсы келісімшарт жасасып ымыраластыққа қол жеткізуге ерекше көңіл бөлді.

Алматыда Қ.З. Қасенов «Қазақстан – Орталық отын компаниясы» акционерлік қоғамында Бас директор лауазымында қызмет атқарды. Қайнолла Зейноллаұлы Ресей Федерациясы мұнай компаниялары мен қазақстандық компаниялардың болашақтағы мұнай және газ жобаларын жасауда ынтымақтастықта жұмыс жасауға, Ресей ұйымдарының мердігерлері және жеткізушілерімен арадағы үзілген байланыстарды қайта орнатуға бастамашы болды.

2002 жылдан 2011 жылға дейін Қ.З. Қасенов – Маңғыстау облысында мұнай ұңғымаларын бұрғылау, күрделі және жер асты

жөндеу жұмыстары үшін арнайы құрылған мердігерлік ұйым «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС-нің бірінші вице-президенті болды. Қысқа уақыт ішінде оның жұмысты жүйелі және ұтымды ұйымдастыруының арқасында «Тұлпар Мұнай Сервис» елдің ең үздік бұрғылау компанияларының тізіміне кірді, ал серіктестіктің жұмыста қолданатын технологиялар бойынша техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау көрсеткіші тек Қазақстанда ғана емес бүкіл әлемде теңдессіз болды! Сол себепті де «Тұлпар Мұнай Сервис» Халықаралық бұрғылау мердігерлері қауымдастығының мүшесі. Осы деректің өзінен-ақ оның өз халқының патриоты, тау-кен инженерінің кәсіби жетістігін көруге болады.

2013-2017 жылдары Қ.З. Қасенов Орал қаласындағы Каспий жағалаулары ойпатының сырт беткей жағындағы мұнай мен газға барлау жұмыстарын жүргізетін «Карповский Северный» ЖШС мен «“ҚазМұнайГаз“. Барлау. Өндіру» Акционерлік қоғамының Бас директоры болып қызмет етті.

Қазіргі уақытта Қ.З. Қасенов Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өкілетті органы «PSA» ЖШС жобалау тобының жетекшісі болып табылады.

Өндіріс маманының және топ-менеджердің жан-жақты тәжірибесі оны «Қазақстанның мұнай-газ өндірісіне 100 жыл (тарих және қазіргі заман)» атты іргелі еңбектің авторларының бірі және жауапты редакторы етті. Сонымен қатар Қ.З. Қасенов 1999 жылы «Қазақстан даму институты» экономикалық зерттеулер орталығында Ержан Байғожаұлы Жатқанбаев пен Рүстем Қабидоллаұлы Жоламанның ғылыми жетекшілігімен 08.00.05 – Экономика және халық шаруашылығын басқару мамандығы бойынша экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік өндірісін тұрақтандыру және дамыту жолдары» атты тақырыпта диссертациялық жұмысын жазып бітірді. Диссертация 1999 жылдың 26 қарашасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нарықтық қатынастар институтында (Қарағанды қ.) сәтті қорғалды.

Ғылыми жұмыста ол өнеркәсіп өндірісіндегі құлдырауларды талдап, өтпелі экономикасы көптеген елдерге тән болған ұдайы өндіріс процесінің сапалы өзгеруінің бірқатар үрдістерін атап

көрсетеді. Социалистік кезеңнен кейінгі елдерде өнеркәсіп секторының: салалық сәйкессіздік, сыртқы саудадағы сәйкессіздіктер, өндірістік процестерді тиімді мемлекеттік реттеудің болмауы секілді артта қалу себептері жіктелді. Циклдарға болжау жүргізіліп, салалық және аймақтық ерекшелігін ескеру негізінде өнеркәсіп өндірісінің дамуына талдаулар жасалды, олардан басым даму бағытары анықталды. Өнеркәсіп өндірісіндегі салынған қаржыларды ынталандыру мөлшері көрсетілді: ішкі нарықтың ашықтығын реттеу деңгейі, баға саясатын қабылданған мемлекеттік құрылым саясатымен келістіру, холдингтік компаниялар мен ірі корпорацияларда қаржылық-өнеркәсіптік топ құру мәселелері жан-жақты қамтылды. Өнеркәсіптегі институционалдық өзгерістердің өзіндік ерекшеліктері талданады. Қазақстанның экономикалық тұрғыдан өсуі елдің ақша жиынтығының кеңеюі мен пайыздық мөлшерлемені төмендетуге, бюджеттік және салықтық жүйені қайта құру, төленбеген төлемдерді «сөуге», инвестициялық белсенділікті арттыруға, отандық тауар өндірушілерді жосықсыз бәсекелестіктен қорғауға бағытталған өлшемдері арқылы анықталды.

Қайнолла Зейноллаұлы Қасенов сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және осы кезге дейін араласып келеді. 1990 жылы Ресейде 5 үміткермен сайыста баламалы негізде Түмен облыстық халық депутаттары кеңесіне депутат болып сайланады. Ол Түмен облысында алғашқы қазақ «Достық» қоғамының құрылуының басы-қасында болып, оның жұмысын дұрыс жолға қойды.

Қ.З. Қасенов – Тұңғыш Президент – Елбасы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев төрағалығымен болып өткен I (1992 ж., Алматы қ.), III (2005 ж., Астана қ.) және V (2017 ж., Астана қ.) Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайының делегаты болып, сөз сөйледі.

«Сол кездегі Алматыда қызу талқылаулар барысында біздің әрқайсымызға шегелей отырып нақты бір істерді атқару қажеттілігін түсінген едік. Ал Бірінші Құрылтай – тағдыр тәлкегімен шетелдерде тұрып жатқан отыз елден келген қандас бауырлардың айқасқан құшақтары, көздеріндегі ыстық жас, қуанышты кездесулер мен қобалжу сәтіне айналды. Біз

шындығында Құрылтай күндерін ұйқысыз өткердік, емен-жарқын шүйіркелесіп, тіптен әңгімеміз таусылмады. Әр күн сайын кешке Ресейден келген делегаттардың көбісі мейрамханадағы менің бөлмеме жиналатын. Қордаланған ортақ мәселелер жөнінде талқылаймыз, былайша айтқанда ресейлік қазақтардың ішкі Құрылтайын өткіздік десе болғандай. Айтпақшы, осы мәжілістердің хаттамасына біздер жолда (автобуста) Алматыға Түркістаннан қайтып келе жатқанда қол қойып, Құрылтайдың ұйымдастыру комитетіне тапсырдық. Арамызды онжылдықтар бойы саяси жүйелер, құрлықтағы және су бойындағы шекаралар, таулар, сахаралар, мұхиттар мен тіпті құрлықтар бөліп жатса да, біз бөгде ортаға сіңіп те, жоғалып та кеткен жоқпыз, біз жаңғырған ұлт ретінде тарихтағы өзіміздің салмақты сөзімізді әлі айтқан жоқпыз. Қазақстан Президенті атынан берілген салтанатты кешкі астан соң, біздің түмендік делегация Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасарымен шыға беріске таяу әлі де таусылмайтын мәселелер жайында әңгімемізді жалғап келе жатқанымызда, алдымыздан кенеттен күзетімен бірге Нұрсұлтан Әбішұлы мен Сара Алпысқызымен шыға келді. Ол кісі тоқтап, ақсақалмен және біздің әрқайсымызбен амандасқаннан соң, қайдан екенімізді, әңгіменің не жайында екенін сұрастырып, соңында: «Елге қайту керек», – деді. Біздің делегация мүшелері барлығы ақылдасып алғандай, Президентке: «Міне, Қайнолла шешім қабылдап та қойды және Құрылтай мінбесінен тарихи отаныма қайтамын деп сөз берді», – деп бірауыздан мені нұсқады. Осылайша мен Президентке таныстырылып, оның жылы лебізі әрі ақ батасынан кейін Қазақстанда да, Ресейде де Қазақстанға арнайы шақырылды деп есептелдім. Сонымен қатар түмен қазақтарының басын қосу және олардың өз мәдени қоғамын құру туралы ой осы Құрылтайда туындаған болатын, – деп атап көрсетті өзінің бір сұхбатында Қайнолла Зейноллаұлы.

Оның Қазақстанның астанасы – Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының V Құрылтайында сөйлеген жарқын баяндамасы залдағыларды бей-жай қалдырған жоқ. Ол қазақстандық қоғамға оралман-қазақтардың, соның ішінде өз отбасының мысалында олардың бейімделуі мен кірігуі

жайлы мәселеге ерекше тоқталды. Оның жеке басының мысалы оның бүкіл туыстары, достары мен таныстарының Қазақстанға көшіп келуіне ықпал етті. Бұл дегеніңіз жалпы алғанда 100 адам, немесе 20 отбасынан жоғары. Отбасылық кеңесте олар тарихи Отандарында білім алуды, салауатты өмір салтын ұстанып, кәсіби жетістіктерге жетуді мұрат тұтты.

